



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

опровергнуты. К примеру, газета «Виртуальные радости» о сфере видеоигр выходит ежемесячно, однако ещё до того, как она попадёт в руки к потенциальному читателю, сведения в ней зачастую становятся неактуальными или даже ложными.

Таким образом, проанализировав данные за последние годы, можно судить о том, что интерес населения РБ к печатным СМК уменьшается в связи с появлением альтернативных источников информации. Однако те издания, что пользуются популярностью, отражают потребность населения в получении актуальной информации о событиях в стране и в мире (общественно-политические и информационные газеты), а также узконаправленную заинтересованность в наиболее продуктивном ведении домашнего хозяйства (журналы из категории «Прикладные науки. Медицина. Техника»).

В современном мире намечается тенденция на интеграцию всего информационного пространства человечества в единую систему, и СМК не исключение. Периодические печатные издания не потеряют свою актуальность в ближайшие годы, изменив лишь свой внешний вид и частично переключившись в виртуальное пространство. Напротив, из-за жёсткой конкуренции за потенциального читателя в бизнесе остаются лишь те издания, которые могут подстроиться под современные реалии, соответствуя всем требованиям качества — как к информационной насыщенности, так и к удачному дизайнерскому решению и печатному исполнению, — выдвигаемым привередливыми покупателями. Это очищает рынок от «фирм-однодневок», приближая каждый экземпляр на прилавке к совершенству, возводя полиграфическое и журналистское мастерство в ранг искусства.

Список использованных источников

1. ГОСТ 7.60–2003 СИБИД. Издания. Основные виды. Термины и определения [Текст] / Межгосударственный совет по стандартизации, метрологии и сертификации. — Минск : ИПК Издательство стандартов, 2003.
2. Печать Беларуси в цифрах // Государственное учреждение Национальная книжная палата Беларуси [Электронный ресурс]. — 2016 г. — Режим доступа: <http://natbook.org.by/statistika-pechati/pechat-belarusi-v-cifrah-za-proshlye-gody>. — Дата доступа: 19.03.17.
3. Статистика // Министерство информации Республики Беларусь. Официальный сайт [Электронный ресурс]. — 2014 г. — Режим доступа: <http://www.mininform.gov.by/ru/stat-gi>. — Дата доступа: 15.03.17.
4. СМИ Беларуси. Газеты. // TamBY.info: информационно-справочный портал [Электронный ресурс]. — 2008–2017. — Режим доступа: <http://www.tamby.info/smi/smi-gazeta.htm>. — Дата доступа: 18.03.17.
5. Структура УДК. Свойства и принципы УДК // Государственная публичная научно-техническая библиотека Сибирского отделения Российской академии наук [Электронный ресурс]. — 2013 г. — Режим доступа: <http://www.spsl.nsc.ru/win/nelbib/UDK/strukt.html>. — Дата доступа: 19.03.17.

ӘӨЖ 364.1

КЕДЕЙШІЛІК ФЕНОМЕНІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІГІ

Кәрім Жұлдыз Қайратқызы

zhuldyzkarim@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Әлеуметтік ғылымдар факультетінің 4 курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Капин Б.

Кедейшілік кез келген қоғамға тән құбылыс, алайда оның себептері, масштабы, нақты көрінісі мен салдары оның даму деңгейіне қарай ерекшелінеді. Мамандардың басым бөлігі

кедейшілік деңгейін зерттеуде сандық есептерге, экономикалық көрсеткіштерге көңіл бөледі, солайша кедейшілік экономикалық дағдарыстың салдары ретінде қарастырылады. Оның әлеуметтік, психологиялық және мәдени жағы жиі елеусіз қалып отырады. Яғни, кедейшілік біздің санамызда тек табыстың кемдігі, жұмыссыздық, мемлекеттегі экономикалық тұрақсыздық сияқты экономикалық құбылыстардан пайда болатын жағдай ретінде қалыптасып кеткен. Сонымен қатар, ол адамның әлеуметтік-психологиялық болмысынан туатын құбылыс екенін естен шығармаған дұрыс.

XX ғасырдың 40-шы жылдарында антропологтар мен әлеуметтанушылар кедейшілік тек экономикалық ғана емес, мәселеге тереңірек үңілсе, сонымен қатар мәдени проблема болу мүмкіндігі жайлы ойлана бастаған. Жалпы теориялық тұрғыда кедейшілікті құбылыс ретінде түсіндірудің құрылымдық және мәдени сияқты екі жолы бар. Біріншісі кедейшілік себебін қоғам құрылымына тән әлеуметтік, экономикалық, саяси факторлармен негіздесе, екіншісі кедейшілікті адамның құндылықтары және жүріс-тұрысымен байланыстырады [1].

50-жылдардың аяғында кедейшілікке жаңа тұрғыдан қарап, оның мәдениетін зерттеу қолға алынды. Алғаш болып зерттеген және «кедейшілік мәдениеті» терминін енгізген американдық антрополог Оскар Левис болған. Автор сол теория аясында үш гипотеза ұсынған:

1. Әр түрлі мемлекеттерде кедей адамдар жалпы қоғаммен қабылданған ұстанымдардан алыстатылған ұқсас өмір сүру образын ұстанады.
2. Сол өмір сүру образының белгілері объективті жағдайға бейімделуді емес, ерекше бөлек мәдениет қалыптастырады.
3. Және де сол белгілер жоғары әлеуметтік мобильділік байқалатын стратификацияланған қоғамда ерекше көрінеді [2, Р. 405-419].

Кедейшілік мәдениеті – ол кедей адамдар әрдайым болатын өмір сүру образы, мәдениет типі. Ал кедейшіліктің субмәдениеті белгілі бір ортаны, мысалы нақты адамдарды, отбасыларды, сол кедейшілік мәдениеті басым аймақ, өңірлерді қамтиды. Кедейшілік мәдениеті дегеніміз – тек қана материалды кедейшілікпен ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік, мәдени және психологиялық шектеулілігімен сипатталатын халықтың ауқатсыз бөлігінің жағдайы. Осындай өмір сүру кейпіне әдеттенген адамдар одан шығуға деген қалауы жоғалып кетеді, және сәйкесінше «кедей болуды тоқтатуды» мүмкін емес деп көреді. Негізінен олар өз өмірін өзгертуге қарсы емес, бірақ кезек шынайы әрекеттер мен талпыныстарға келгенде, олар артқа шегінеді.

О. Левистің зерттеу қорытындысы бойынша, сондай мәдениеттегі адамдарда «болашақ» құндылығынан «осы шақ» басым орын алады. Яғни, кедей адам «қазір және осында» принципі бойынша өмір сүрсе, бай адам бағдарды болашаққа қояды, яғни ертеңгі күнін ойлайды және мақсат қоя біледі. Кедей адам қылмыс жасай отырып, болашақ салдары жайлы аса ойлана қоймайды, жақсы өмір оны айланып өтті деген оймен, «байлықты тең бөлу» мақсатында ауқаттыларды тоңайды. Кедейшілік субмәдениетіне тән сипаттамалар - жоғарылатылған агрессияшылдық пен ызаланғандық, күш пен теңдікке табынушылық, авантюралық және қатерлі әрекеттерге бейімділік, басқаларды өз сәтсіздіктері үшін кінәлау, өмірдегі жетістіктерді түсіну спецификасы. Сонымен қатар, кедейлер үшін де байларға сияқты жақсы болашаққа деген үміт және армандау тән. Тек айырмышылығы – біріншілер екіншісіне қарағанда арманының орындалуына аз сенеді. О. Левис жүргізген әлеуметтік зерттеулер көрсеткендей американдықтар кедейшілікті адамның жеке қасиеттерімен байланыстырады. Адам кедейшілікке қарсы және оны алдын алатын әрекет жасамағандықтан кедей, сол жағдайдан шығатындай күш, қабілет және моральдық қасиеттерден алыс немесе оларды қолданатындай ұқыптылығы жеткіліксіз [2, Р.407].

В. Миллер кедейшілік мәдениетін жалпы қабылданған мәдениет конфликтісінен туып, орта класстың нормаларын бұзуға бағытталған құбылыс ретінде түсіндіріп кетті [3, Р. 5-19].

Осы теорияның дәріптеушісі ретінде XX ғасырдың 70-жылдары Ұлыбританияда денсаулық сақтау және әлеуметтік қамту министрі сэр Кит Джозеф болған. Оның ойынша, Ұлыбританиядағы кедейлер арасында депривация циклі орын алған. Көпбалалы

отбасылардың ата-аналары өздігінен өмірде жетістікке қол жеткізе алмағандықтан балаларына табысқа бағыттайтын құндылықтар мен жүріс-тұрыс үлгісін әдеттендіруге шамалары жетпеген. Нәтижесінде, олардың балалары мектепте нашар оқып, кейін олардың да табысы өздерін және балаларын қамтамасыз етуге жеткіліксіз болатын. Министрдің ойы бойынша, бұл жерде кедейшілікті әлеуметтік сақтандыру сияқты мемлекет тарапынан көрсетілетін көмекпен шешу мүмкін емес. Сонымен қатар, әрбір индивид бойында шынайылық, жігерлілік пен үнемділік сияқты мінез белгілерін дамыту керек [4].

Жоғарыда аталған кедей адамдағы барлық ерекшеліктерді ескере келе, әлеуметтанушылар кедейшілік субмәдениетіне тән келесі міндетті белгілерін өндіріді:

- экономикалық және әлеуметтік тәуелділік;
- рөлдік жүріс-тұрыстың нақты моделінің жоқтығы;
- девиантты жүріс-тұрыс: нашақорлық, алкоголизм, жезөшелік;
- жатсыну мен саяси енжарлық;
- өмірлік жоспардың және өз-өзіне сенімділіктің жоқтығы;
- отбасы ішілік қарым-қатынастағы жоғарылатылған конфликтілік (дөрекілік, балалар мен ата-ана арасындағы ұрыс-керістер, жиі ажырасулар);
- әйел адамның отбасындағы доминанттығы;
- ерте жыныстық қатынас;
- физикалық күштеуге бағынушылық.

Бұл белгілер кедей категориясындағы барлық адамдарға емес, тек ертелі-кеш кедейшілік мәдениетінің тасушысына айналғандар қатарына тән [5, 46 бет]. Осылайша кедейшілік субмәдениеті – өзіне ғана тән белгілері бар спецификалық құбылыс; статистика бойынша кедейшілік санатындағы адамдардың барлығы бұл субмәдениет құндылықтарын ортақтаса бермейді. Көп адамдар үшін кедейшілік уақытша жағдай, сондықтан кедейшілік мәдениетін тек созылмалы кедейшілікпен байланыстырған жөн.

Кедейшілік мәдениеті және соған байланысты қоғамдағы әр түрлі стереотиптер жайлы тек әлеуметтік зерттеулер көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар көптеген психологиялық дәлелдемелер де келтірілген. Мысалы, Массачусетс университетінің ғалымдары өздерінің бір зерттеулерінде кедейшілік мұра ретінде ұрпақтан ұрпаққа берілетінін нақтылап кетті. Яғни отбасындағы үнемі қаражаттың жетіспеуі баланың психологиялық әл-ауқатына үлкен әсерін тигізеді. Кейін психикасындағы бұзылыстар оның болашағына кедергі келтіреді. Баланың бойындағы кедейшілік үрейі әр түрлі қоғамдағы стереотиптерге бағынуға мәжбүрлейді. Осылайша аз қамтылған отбасынан шыққан бала толыққанды өмірге бөгет келтіретін психологиялық кедергілерге тап болады.

Кедейшілік мәдениеті – ол кедей адамдар әрдайым болатын өмір сүру образы, мәдениет типі. Ал кедейшіліктің субмәдениеті белгілі бір ортаны, мысалы нақты адамдарды, отбасыларды, сол кедейшілік мәдениеті басым аймақ, өңірлерді қамтиды. АҚШ-та бұндай иерархизация айқын көрінеді: тұлғаның тұрып жатқан өңіріне байланысты оның әлеуметтік статусы жайлы тұжырым шығарылады. Сол адам өзінің экономикалық жағдайын өзгертіп, бай немесе керісінше кедей болғанда, соған сәйкес аймаққа көшеді. Осыған ұқсас көрініс бізде де дамып келе жатыр.

Біздің мемлекетіміз үшін де кедейшілік пен мәдениеттің өзара байланысы жайлы мәселенің өзектілігі жоғары екендігі күмәнсіз. Кедейшілік бұқаралық сипатқа ие болып келе жатыр, сонымен қатар Батыстағы кейбір адамдар тобына тән «кедейшілік мәдениеті» біз үшін «жалпы жұрт таныған нормаға» айналып кету қаупі бар. Енді бұл түсініктің тек «оларға» ғана емес, сонымен қатар «бізге» де қатысы бар. Кедей адам образында жайлы өмір сүру тіршілігінен аулақ болу үшін кедейшіліктің тек экономикалық себептерімен ғана емес, оған қоса енжарлық пен иждивенттілікке қатысты құндылықтар мен нормаларымен күресу керек. «Кедейшілік мәдениетінің» негізі болып табылатын «Сана маргиналдығын» жою керек. Бір жағынан, аз қамтылғандар қоғамға ортақ мағынасы бар құндылықтар мен ресми нормаларды сезінеді, ал басқа жағынан өзінің жеке өмір сүру координатасы жүйесін

құрастырады. Олар екі түрлі өлшемде тіршілік етеді деп айтуға болады: қиял мен қатаң шынайылық дүниесінде. Осы екі жақты өмір арасындағы айырмашылық «қажеттілік» жағдайынан шығудың жолын іздеуге емес, керісінше оған бейімделуге ықпал етеді. Оған қоса осы айырмашылық әлеуметтік шарттан ғана емес, сонымен қатар кедей адамдардың өздерінің мүмкіншіліктерінің шектігі жайлы стереотиптерінен қолдау табады. «Кедейшілік таңбасы» бекітулі кеңістік категорияларымен ойлануға және не қылмыскер, не әрдайым жұмыс, жәрдемақы, қайыр сұраушы сияқты орнатылған рөлдер шарттарына сәйкес іс-әрекет жасауға мәжбүрлейді. Жәрдемақылар мен жеңілдіктер алу кейін одан айырылып қалмау үшін соған сәйкесінше өмір сүруді меңзейді. Осы бекітулі шеңберді бұзып, қорланған және қор болғандар қатарынан шығу, «лайықты еместер» санатынан «лайықтыларға» көшу – ол тек бай болуды ғана білдірмейді, оған қоса ойлау стилін өзгерту, «маргиналды сана» мен «кедейшілік мәдениеті» қыспағынан шығу деген түсінік.

Мемлекет әлеуметтік жәрдемақылар, аз қамтылғандарға төлемақылар тағайындау, жұмысбастылыққа ынталандыру, әлеуметтік қорғау жайлы заңнаманы күшейту арқылы елімізде бар кедейшілікпен белсенді күресіп жатқандығы анық. Әрине капитализм орнаған жаһанданған заманда кедейшіліктен абсолютті құтылу мүмкін емес, оны тек азайту ғана қолымыздан келеді. Сол үшін мемлекет тек материалды жағдайды көтеруге тырысып қана қоймай, кедей адамдардың бойына сіңген стереотиптер мен маргиналды сананы психологиялық, әлеуметтік және мәдени емдеуге де көңіл бөлгені жөн.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ярошенко С.С. Четыре социологических объяснения бедности (опыт анализа зарубежной литературы) // Социс. – 2006. - №7
2. Levis O. The culture of poverty // Poverty in America. Michigan, 1965. P. 405-419.
3. Miller W. Lower class culture as a generating milieu of gang delinquency // Journal of social issues. 1958. V. 14.
4. Белова Е.И. Социокультурные особенности феномена бедности в России // Современные исследования социальных проблем (электронный научный журнал), №9(17), 2012.
5. Ярошенко С.С. Синдром бедности // Социологический журнал. 1994. № 2.

УДК 316

ПОНЯТИЕ И ЗНАЧЕНИЕ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Кәмен Диана Қасымқызы

diana_94_94@bk.ru

Магистрант 1 курса Карагандинского государственного университета имени академика Е.А. Букетова, педагогический факультет, Караганда, Казахстан
Научный руководитель – Шаушекова Б.К.

Во всем цивилизованном мире общество пришло к пониманию, что в соответствии с общечеловеческой моралью и требованием социальной справедливости – дискриминация детей с особыми потребностями в образовании недопустима.

Понятие «инклюзивное образование» сформировалось из убеждения в том, что образование является основным правом человека и что оно создает основу для более справедливого, недискриминационного общества. ЮНЕСКО определяет инклюзивное образование как «процесс, направленный на удовлетворение разнообразных потребностей всех учащихся путем расширения их участия в обучении, культурной деятельности и жизни общества, а также уменьшения масштабов социальной изоляции в рамках системы образования и недопущения исключения из нее. Этот процесс связан с изменениями и преобразованиями в содержании, подходах, структурах и стратегиях, а его отличительной чертой является общая концепция, охватывающая всех детей соответствующей возрастной